

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Балабақшада баланы дамытуда ұлттық ойындардың маңызы

ЖАРИЯЛАНДЫ
26.06.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/181387/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тәрбиеші Дарипбекова Б.Д «Үлкен ауылындағы орта мектебі МДШО» КММ «Айгөлек» шағын орталығы
Кіріспе: Ұлттық ойындар – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің маңызды бөлігі, олар көптеген ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халықтың...

Тәрбиеші Дарипбекова Б.Д

«Үлкен ауылындағы орта мектебі МДШО» КММ

«Айгөлек» шағын орталығы

Кіріспе: Ұлттық ойындар – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің маңызды бөлігі, олар көптеген ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жетіп, халықтың рухани, әлеуметтік және мәдени дамуында маңызды рөл атқарған. Балабақшада балалардың тәрбиесі мен дамуы барысында ұлттық ойындарды қолданудың зор маңызы бар, өйткені олар тек баланың физикалық қабілеттерін ғана емес, сонымен қатар танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік және рухани дамуын да жетілдіреді.

Негізгі бөлім:

1. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні

Ұлттық ойындардың балабақшадағы тәрбиелік мәні өте жоғары. Олар балаларға тек дене тәрбиесін ғана емес, сондай-ақ халқымыздың мәдениеті мен тарихын да ұғындыруға мүмкіндік береді. Балалар ұлттық ойындар арқылы қазақ халқының бай мұрасын меңгереді, ауыз әдебиетімен танысады, халықтық әндер мен билерді үйренеді, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылықтары артады. Ұлттық ойындар балалардың сөздік қорын байытады, олардың тілдік дағдыларын жетілдіреді. Мысалы, «Ұлттық құндылықтар» балалар асық ойынында кубик тастауымен, берілген тапсырманы орындайды. Осы ойында сұраққа жауап беру Qкод арқылы түрлі мағлұматтар алады..

«Тақия тастамақ» сияқты ойындарда балалар топтық жұмыс арқылы бір-бірімен тілдеседі. Мұндай ойындар балаларға мақал-мәтелдерді, өлеңдер мен қазақтың салт-дәстүрлерін есте сақтауға, сондай-ақ өз пікірлерін еркін жеткізуге мүмкіндік береді.

2. Ұлттық ойындардың физикалық және танымдық дамуға әсері

Ұлттық ойындардың дене тәрбиесіне тигізетін әсері өте зор. Балабақшада ұлттық ойындарды жүргізу арқылы балалардың дене қозғалыстары жетілдіріледі, олардың денсаулығы нығаяды. Мысалы, «Алтыбақан» ойынында балалар қимылдарын үйлестіруді, тепе-теңдікті сақтауды үйренеді. «Қыз қуу»

«Қыз қуу» сияқты ойындар баланың жылдамдығы мен төзімділігін арттырады, сондай-ақ олардың денсаулығын күшейтеді.

Ұлттық ойындар баланың ақыл-ойын дамытуға да маңызды ықпал етеді. Ойын барысында балалар өзара қарым-қатынас жасап, белгілі бір ережелерді сақтай отырып, ойлау қабілеттерін дамытады. Мысалы, «Теңге ілу» ойынында баланың зейіні, ойлау жылдамдығы, нақтылық және дәлдік дағдылары қалыптасады.

3. Ұлттық ойындардың әлеуметтік дамуға ықпалы

Ұлттық ойындар балаларды әлеуметтік қарым-қатынасқа баулиды. Олар көбінесе топ болып ойнау арқылы өтеді, бұл балалардың бір-бірімен араласу, топта жұмыс істеу, бірлесе әрекет ету дағдыларын дамытады. Ұлттық ойындар кезінде балалар бір-бірімен тығыз байланыс орнатады, өзара көмек көрсетуге, төзімділік пен ынтымақтастыққа үйренеді. Балалар өздерінің құрдастарымен тең дәрежеде әрекет етуге дағдыланады, ал бұл олардың әділдік, жауапкершілік, достық сияқты адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Топтық ойындарда балалар әрбір қатысушының рөлін түсінеді, топтағы өзара құрмет пен ынтымақтастықты меңгереді.

4. Ұлттық ойындар арқылы баланың жеке тұлғасын дамыту

Ұлттық ойындар баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады. Олар баланың өзіндік көзқарасын, сенімін, ерік-жігерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мысалы, «Көкпар» ойынында балалар жарысқа түсіп, жеңіске жету үшін күш, ептілік, тапқырлық қажет екенін түсінеді. Бұл балаларға жауапкершілік, мақсатқа ұмтылу, жеңіске жету жолында шыдамдылық пен еңбекқорлық сияқты қасиеттерді үйретеді.

Ұлттық ойындар балалардың өз-өзіне сенімін арттырады. Олар жеңіске жеткен кезде өздерін қуанышты сезініп, ал жеңілген жағдайда да сабыр сақтауды үйренеді. Осылайша, ойындар баланың эмоционалдық тұрақтылығын арттырып, өзін-өзі бағалауды қалыптастырады.

5. Ұлттық ойындардың баланың рухани дамуына ықпалы

Ұлттық ойындар баланың рухани дамуында да маңызды рөл атқарады. Олар баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, оның өз халқының мәдениеті мен тарихына деген құрметін арттырады. Ұлттық ойындар арқылы бала халқымыздың өткен ғасырлардағы өмірін, салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын меңгереді. Ұлттық ойындар баланы еліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді. Ойын барысында балалар қазақ халқының дәстүрлерін үйреніп, оларды өз өмірінде қолдануға тырысады. Ұлттық ойындарды меңгеру арқылы бала өз ұлтына деген мақтаныш сезімін сезініп, ұлттық құндылықтарды сақтауға және дамытуға деген жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Қорытынды

Ұлттық ойындар – балабақшада балаларды тәрбиелеуде ерекше маңызға ие. Олар баланың физикалық, танымдық, әлеуметтік және рухани дамуына ықпал етеді, оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Ұлттық ойындар арқылы балалар халқымыздың мәдениетімен танысады, ұлттық санасы қалыптасып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігі артады. Осының нәтижесінде ұлттық ойындардың балабақшадағы тәрбиелік және дамытушылық әлеуеті зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аманов Даурен. Ұлттық құндылықтар – ұлт қорғаны. 2020ж.
2. Абдыханова Ғ.Т. Филология. Ұлттық құндылықтар-бала тәрбиесінің қайнар көзі. 2019ж
3. Бисенбаева Ж.С. Мектепке дейінгі бала тәрбиесіне арналған ұлттық ойындар. 2014ж.
4. Интернет желісі.